

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің педагогикалық емес білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануы» сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама

Ректордың 12.09.2023 жылғы №1081 бұйрығына сәйкес Сапаны қамтамасыз ету басқармасы «Педагогикалық емес білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасына жұмыс берушілердің қанағаттануы» тақырыбында сауалнама өткізді. Жұмыс берушілерге сауалнама өткізуді университет білім беру қызметінің сапасын ішкі бағалау шеңберінде 5 жылда 1 рет тұрақты негізде ұйымдастырады, оның нәтижелерін кафедралар білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру үшін пайдаланады.

Сауалнаманың мақсаты – университеттің педагогикалық емес білім беру бағдарламаларының түлектерін даярлау сапасының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігі дәрежесін анықтау.

Міндеттер:

1. Түлектердің алған теориялық білімдері, практикалық біліктері мен дағдылары деңгейінің жұмыс берушілердің қанағаттануына әсерін анықтау.

2. Түлектердің тұлғалық даму деңгейінің жұмыс берушілердің қанағаттануына әсерін анықтау.


3. Университет түлектерін даярлауды жетілдіруге бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Сауалнама құралы: google-аралас типтегі сұрақтарды қамтитын сауалнама, сұрақтар саны – 20.

Сауалнамаға біздің университеттің түлектері жұмысқа орналасқан педагогикалық емес бейіндегі 69 ұйым қатысты. Респонденттердің ішінде 33 ұйым (48%) жеке меншік нысан, 30-ы (43%) – мемлекеттік және 6-ы (9%) бірлескен нысан болып табылады. Респонденттердің жартысынан сәл астамы (54%) олардың ұйымында Е.А. Бөкетов атындағы университеттің 5-тен аз түлектері жұмыс істейді, сауалнамаға қатысқан ұйымдардың 18%-ы 5-тен 10-ға дейін түлектер жұмыс істейді, жұмыс берушілердің 23%-ы біздің жоғары оқу орнының 10-нан астам түлегі жұмыс істейді деп жауап берді (1-сурет).

1-сурет.

Количество выпускников непедагогических специальностей Карагандинского университета им. Е.А.Букетова, работающих в организациях-респондентах (выпуск 2015-2022г.г.)



Айта кету керек, жұмыс берушілердің көпшілігі (77%-ы) түлектердің даярлық деңгейіне толық қанағаттанған, ұйымдардың 17%-ы жас мамандарды даярлау деңгейіне қанағаттанғандықтарын айтты. Сауалнамаға қатысқандардың тек 1,5%-ы көңілдері толмайтынын жеткізсе, ал 4%-ы жауап беруге қиналды. Респонденттер арасында түлектердің даярлық деңгейіне толық қанағаттанбайтын жұмыс берушілер болмағаны

қуантады. Осылайша, жұмыс берушілердің 94%-ы университет түлектерінің даярлық деңгейіне жалпы қанағаттанады. Бұл жұмыс берушілердің қанағаттанушылығының оң динамикасын растайтын жоғары көрсеткіш (алдыңғы сауалнама қорытындысы бойынша біздің жоғары оқу орнының түлектерінің даярлық деңгейіне қанағаттанған жұмыс берушілердің үлесі 85%-ды құрады).

Ұйымдарға бос лауазымға үміткерді таңдау кезінде басшылыққа алатын критерийлер тізімінен таңдау жасау ұсынылды (бірнеше позицияны таңдау мүмкіндігі). Ұсынылған тізімнен жұмыс берушілер келесі сипаттамаларды маңызды деп есептейді:

1. Компьютерде жұмыс істеу дағдылары – жұмыс берушілердің 78%-ы
2. Мемлекеттік тілді білу – 62%
3. Білім деңгейі (бакалавриат, магистратура) – 58%
4. Маман даярлаған жоғары оқу орнының беделі – 51%
5. Құқықтық мәдениет – респонденттердің 47%-ы
6. Мамандық бойынша жұмыс тәжірибесі – 46%
7. Дипломға қосымшадағы бағалар – 43%
8. Орыс тілін білу – 43%
9. Шет тілін білу – 33%
10. Ғылыми жұмыс тәжірибесі – жұмыс берушілердің 27%-ы.

Сонымен қатар, зерттеу барысында жұмыс берушілердің даярлықтың нақты бағыттары: әлеуметтік-гуманитарлық, заңгерлік, экономикалық, инженерлік-техникалық мамандықтар түлектерінің құзыреттерін қалыптастыруды бағалауы талданды. Сондай-ақ, «Дизайн», «Биология», «География» білім беру бағдарламаларының түлектері кіретін «өзге мамандықтар» санаты ерекшеленді.

Бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізілді. Кестеде жұмыс берушілердің көрсетілген даярлық бағыттары түлектерінің құзыреттерін қалыптастыруды бағалау нәтижелері келтірілген:

Құзыреттер	Әлеумет.-гуманитар. ББ	Заңгерлік ББ	Экономикалық ОП	Инженерлік-техник. ББ	Басқа ББ	Құзыреттер бойынша жиыны
Практикалық кәсіби-қолданбалы білім мен дағдылар	4,1	4,2	4,3	4,3	4,2	4,2
Мамандығы бойынша теориялық білім	4,3	4,3	4,1	4,3	4,2	4,2
Компьютерлік сауаттылық	4,2	4,1	4,0	4,3	4,4	4,2
Командада жұмыс істеу дағдылары	3,9	4,3	3,9	4,4	4,0	4,1
Коммуникативтік құзыреттер	4,2	4,2	3,8	4,3	4,4	4,2
Талдау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеті	4,1	4,2	3,9	4,4	4,4	4,2
Ақпаратпен жұмыс істей білу	4,2	4,3	3,9	4,3	4,4	4,2
Үйрене білушілік	4,2	4,5	4,0	4,4	4,5	4,3

Мәдениеттің жалпы деңгейі	4,3	4,5	4,4	4,4	4,6	4,4
Даярлық бағыттары бойынша жиыны	4,2	4,3	4,0	4,3	4,3	4,2

Орташа алғанда, түлектердің құзыреттілік деңгейін жұмыс берушілер 4,1-ден 4,4 балға дейін бағалады, бұл жақсы нәтиже деп санауға болады. Бағыттар бөлінісінде командада жұмыс істеу дағдылары: 3,9 балдан (әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ББ) 4,4-ке дейін (инженерлік-техникалық); коммуникативтік құзыреттер: 3,8-ден (экономикалық ББ) 4,4-ке дейін (басқа ББ); ақпаратпен жұмыс істей білу: 3,9-дан (экономикалық ББ) 4,4-ке дейін (басқа ББ) бағаланды.

Жұмыс берушілер университетпен тығыз іскерлік ынтымақтастыққа дайындығын ашық түрде растайды, олар өздері үшін жоғары оқу орнымен өзара іс-қимылдың мынадай қолайлы нысандарын атайды:

- Студент-практиканттарды ұйым базасында оқыту – 55% (38 жұмыс беруші);
- Шеберлік сыныптарын өткізу – 39% (27 ұйым);
- Студенттердің дипломдық жұмыстарына пікір жазу – 38% (26 ұйым);
- Ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарларды бірлесіп өткізу – 33% (23 жұмыс беруші);
- Қоса атқарушылық жағдайында оқыту – 32% (22 ұйым);
- Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу – 28% (19 жұмыс беруші).

Сауалнама нәтижелері жұмыс берушілердің заң, инженерлік-техникалық және жаратылыстану ББ, сондай-ақ «Дизайн» мамандығы түлектерінің құзыреттілігін жоғары бағалағанын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, респонденттер командада жұмыс істеу дағдыларын (әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ББ түлектерінде), коммуникативтік құзыреттерді, сыни тұрғыдан ойлауды және ақпаратпен жұмыс істеу білу қабілетін (экономикалық ББ) орташа көрсеткіштен төмен деп бағалайды.

Жұмыс берушілер мамандар даярлаудың тиімділігін арттырудың негізгі шаралары ретінде білім беру процесінің практикалық құрамдас бөлігін күшейтуді, кәсіптік практика үлесін ұлғайтуды атайды. Мұнымен бірге, ұйымдар бизнес пен өндірістің өзекті мәселелері бойынша пікірталастарды кеңірек жүргізуді; стресске төзімділік, шешендік өнер шеберлігі курстарын енгізуді; университетте болашақ мамандардың кәсіби жанып кетуінің алдын алу бойынша психологиялық зертхана жұмысын ұйымдастыруды; түлектердің компьютерлік кеңсе бағдарламаларымен жұмыс істеуге дайындығын күшейтуді; жарнама мен маркетингке қатысты пәндер санын көбейтуді ұсынады.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген